

Зейнолла
ӘКІМЖАНОВ



МИЗАМШУАҚ



Зейнолла Әкімжанов

МИЗАМШУАҚ

Жыр кітабы

**Кызылжар
2001 ж.**

84.5 Қаз-5
Ә 47

Ә 47 Әкімжанов З. Мизамшуақ. Жыр кітабы.
Қызылжар, 2001 - 123 бет.

84.5 Қаз-5


35044

Ақын жыры – ақын сыры. Жүргегінің түбіне кір жасырмай, өмір баянын – оміrbаянын шергетін ақын алдына келіп ақтаратады...

Сол актартылған сырларда ақынның ой-арманы, мақсат-мұддесі, қоғыл күйлері бар. Сырлас, мұндас, тілдес... дейді ақын.

Осы қолыныздарғы жыр жинағы – дарынды ақын, жырда өз жолы, орнегі мен бояуы бар Зейнолла Әкімжановтың екінші кітабы. Алғашқы жыр жинағы «Жерүйіктағы» екіні мен мұддесін ақын мынау «Мизамшуағында» тағы да жалғастыра түседі. Өз бояуы бар Зейнолла өмірді боямасыз, қаз-қалпында, өз жүргегінен өткізуғен, елең-екішелген ақиқатпен жырлайды. Мұндай жырлар – оміршен.

ISBN 5-7667-8589-5



35044

© Әкімжанов З.

Қос құлыным – Асыл
мен Азаматқа
арнаймын
Автор



Жүргімнің шертумен қыл-қобызын,
Олеңіммен өрілді үн, лебізім.
Менің жырым емес пе – өмір сыры,
Менің жырым еді ғой – жүрген ізім.

Көрінсе де өзгеше, тосын елге,
Артық сыр жоқ жасырап осы менде.
Ақынмын деп бағамды өсірем бе,
Тарта алмаса биіктеп көшім өрге?!

Боламын деп талпынбай ұлық кенен,
Өмірімді өзімше сүріп келем.
Беу, жан-досым, ендеше сыр ұқ менен,
Жақсы екен-ая сырынды ірікпеген...

БАФЫ ЖАНСЫН!

1969 жылы Қазақстаның барлық атырабынан ел астанасы Алматыға келіп, Қазақ Үлттық университетінің филология факультетінс түскен қарадомалақ балалар бүгінде жер ортасы елуге келіп қалыпты. Азамат. Ел таныған қайраткер. Белгілі ғалым. Жақсы ақын. Бұл қатарда осылардың барлығы да бар.

Қазақ Үлттық университетінің кафедра менгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Құныпия Алпысбаев, Алматы мемлекеттік университетінің кафедра менгерушісі, профессор Балтабай Әбдіғазиев, Алматы мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Тұрсынбек Баймолдаев, ақын, журналист Отеген Оралбаев, ақын, журналист Зейнолла Әкімжанов – бәрі бірге оқыған, университетті 1974 жылы бітірген тұлектер. Абайбек Қоқымбаев, Айғали Файзуллин Семей полигонының құрбаны болып ғұмырдан ерте кетті.

Еңбек жолын М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және онер институтында ғылыми қызметкер болып бастаган Зейнолла үйінін жағдайына байланысты Солтүстікке, туған жерге оралып, үзак жылдар баспасөзде қызмет етті. Тараптты журналист болып қалыптасты. Деректі новеллалар, очерктер, мақалалар жазды, шублистика саласында терең із тастады. Ең бастысы – Зейнолла табиғат сыйлаған дарынға опасыздық жасаған жок, ақындық онердің қазанында қайнау, татымды жырлар тұлдырыды. Олар аймақтық, республикалық газет-журнал беттерінде ширек ғасыр бойы үздіксіз жарияланып келді. Оқырманың тапты. Көпшілік үтинаштына ілікті.

Зейнолла сан қуған жок, жылда өлең кітабын шығарам дес қызылтанау болмады. Оның сұрынталған, екіншілген, коркем жырлары бүрын «Жерүйік» деген атпен оқырман қолына тиғен. Енді бүрын жарияланбаған, ақын дәптерінде сарымайдай сакталған коркем өлеңдер топталып, тагы да қалың қауымға жол тартып отыр.

Іні шәкіртіміз, белгілі шублицист, дарынцы ақын Зейнолланың жаңа жыр кітабының бағы жаңын, сергек оқырмашының сырлас, мүїзdas, ақыллас досына айналына сеніміміз кәміл.

Рымғали НҰРҒАЛИ,
Үлттық Ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

АҚ ЖОЛ

Жүргімде бір бұлақ
Жырым болып құйып тұр.
Ойлаушы едім — тудым-ақ
Елге болып сүйікті ұл.

Білмесем деп күйкінді,
Адалдықпен гүл ектім.
Ұл болсам деп сүйкімлі
Жүргімді жүлдегім.

Тербел бойды өз-арман,
Әділдікпен тұледім.
Шындық десе — ажалдағы
Сескенбекен ұл едім.

Қыын сәтте сң бір нық,
Терді төктім себелен.
Жүргімі көлгірлік
Жұға алмады, не керек!

Көз көргенді көңілдің
Екшеуіне салым да,
Ақ тілеулі өмірдің
Жолы жатты алғымда.

Жүргімде — олеңім,
Арманымға бекем бол,
Осы жолмен келемін
«Адаспасам екен» деп.



Қолда — қалам,
Ой-дағы алаң,
Нала шеккен мейн — мұңдық,

Мен таниын,
Ал, фәниің —
Көз бояған көлгірлік.

Адамы азған
Заман-жазған —
Табар не бар өмірден?

Адамдықтың,
Адалдықтың
Абыроійы төгілген.

Ішім — жалын,
Тұшынбадым,
Сыртым ғана сау сынды.

Ой толғадым,
Айта алмадым
Естімей жан даусымды.

Керендерге
Сенер менде
Табылар ма күш-қуат?

Тек өрлер ем,
Олеңменен
Әлсіз шырак, үшқын аи.

Ой-дағы алан,
Қолда — қалам,
Жыр тілеймін мен — шерлі.

Ағып келін,
Шабыт желіп
Көтерсе дең еңсемді...

ҚАЙРАН, МУЗА!

Көнілімшің боздаумен
Бозінгені,
Мазалады бір мұнды сезім мені,
Жап-сырымды жайып ем достарыма,
Достар-дағы жаныма көз ілмеді.

Озгеше бол көрінді
Ай да маған,
Озгеше бол көрінді айнала маң.

Жан сырымды ұқпайды тірі пенде,
Ұғар жанды, янырай, қайдан алам?

Бөлекше бол көрінді
Күн де, міне,
Көз ілмеді еш пенде бұл деміме.
Достарымды дос санаң құр жүріпшіш,
Сезгені ме, осы ма, білгені ме?

Сонда саған сыр аштым,
Қайран шабыт,
Тұн баласы миымды ойлар шағып.
Жырым мешің, мұңым да, сырым да — өзің,
Озің келіп басыма байланса күт.

Көңілімнің боздады
Бозінгені,
Ешкім бірақ мұңыма көз ілмеді.
Тұн баласы түсіме кіріп жұрсің,
Қайран муза, жебеші өзің мені!

АҚЫН БОЛУ НЕ КЕРЕК?

Фаріп жанның көз жасын өз жасындаі көрмессе,
Жүргегінен запыран төгілмесе себелен —
Өлең жазып ендеше,
Ақын болу не керек?

Адал жапға анқылдан ақ жүрекпен сенбессе,
Ой болмаса ондайды қолтықтамақ, жебемек —
Олең жазып ендеше,
Ақыш болу не керек?

Қиястыққа шүйіліп қыран құстай төнбесе,
Ара түсіп әлсізге айта алмаса «Неге?» деп —
Олең жазып ендеше,
Ақыш болу не керек?

Қиянат қып адамға семсер кезеп, серmess —
Қайрат таппай бойында сол қыжылды бөгемек —
Олең жазып ендеше,
Ақыш болу не керек?

Әмірімен жүректің оз арына ермессе,
Әүейленін әлдіге қағар болса ебелек –
Олең жазып ендеше,
Ақын болу не керек?

Ер жүрегін ел таныр кемеліне келмесе,
Қайрат толып бойына киінбесе кебенек –
Олең жазып ендеше,
Ақын болу не керек?

Ақиқатын заманиның айта алмастан жерлесе,
Шының үшін жүрегін құрбан етпей ол ерек –
Олең жазып ендеше,
Ақын болу не керек?

Азабы мен тозағын ақындықтың кор неше,
Қолға қалам аларда сарапқа сал қалайла –
Ақын болу ендеше,
Оцай ма екен, соны ойла...



Үлжыған уыз – коктем, мамыр-құн.
Мамыр-құнім – мерекесі жанымның,
Берекесі менің ғұмыр-шагымның,
Бөрекелді, мамыр-құнім, сағындым.

Бүршік жарыш бұлқіледі дабыр – қыр,
Дабылыңа жылда мені сағындыр.
Құшағыма қызғалдақты тоғтырып,
Татайынышы ұзыныңың дөмін бір.

Коз алымда коркеюмен нұр–бейиң,
Бала күндей қырды кезіп жүргей мен.
Кокжиекті сағым селі тұмнашап,
Коленкелер қаша берсін күнгейлен.

Қала берер жылдар артта, күн кейін,
Сағынышқа болар адам шын бейім.
Жыныстаған күндерімді білмейін,
Көз алдыниан шықыны сонда, күнгейім!

Мерекесі, берекесі жанымның,
Тілеймін мен таусылмауын сәніңдің.
Уылжыған уыз-көтем, мамыр-күн,
Сен келмессөн сынғаны ғой сағымның...



Жылдар өтті, уақыт мені алдаңты –
(Жылдар деген құт емес пе ардақты).
Бүгін менің бала күнім көзімде,
Жалаңаяқ құған кезім қаңбақты.

Сонда деймін, желөкпе бір баламыз,
«Желікис!» деп үрсуши еді анамыз.
Желөкпе жан тілді қайдан аламыз,
Әуре болған қаңбақ қуып қара күз?

Өтті солай небір көтем, не бір күз,
Қалмағаптай сол жылдардан өмірде із.
Нені қудық, неге үмтүйлік... беймәлім,
Үміт іздеп қартаярмыз, кемірміз.

Қаңбақ қайда... оған әлі серік – күз,
Үміт неде, қай тіреккес сенішіз?
Уысымнан сусып кеткен уыз-күн...
Сағындырар сағым қуын келішіз...



Қызара батқаш күн қандай,
Қызықты біреу үрлардай.
Қырмызы күнің бетінде
Кап-қара таңба түргандай.

Қызара батқаш, әне, күн,
Курагандай ғой әлемің.
Түсініп түннің әлегін
Тұңілдің бе скен, әдемім?

Қара түн күнің қылғытты-ай,
Келетін заңын бұлжытпай.
Қызыра батыш өтті күн
Шырылдан өлген шындықтай.

Сезгендей соның дірлін,
Қалтырап кетті бұным...
Өтер де кетер мезгілің
Бізге де салар құрығын...

КӨКТЕМ

Жанарыңды, жаныңды шуағы өнкен,
Тамаша ғой, ғажап-ау мына көктем.
Күннің көзі құлімдеп сложіреп тұр
Келіндейін иілген шын әденін.

Қыс дәрмені көктеммен қарыса алмай,
Жылыстады сұық құн өрі, шалғай.
Ағаштарға жылды жел өң беруде
Қызылиск қауқарсыз кәрі шалдай.

Тұр өзгертіп не қырың, не беткейін,
Бұғаларға сән берер желек кейін.
Сылдыр-сылдыр жылғалар ағыш жатыр
Тілі шығыш үлгерген бөбектейін.

Құн көзі мен қара жер – ұлы ғапық,
Бір-біріне жатқаңдай сырыш ашып.
Көктеменің ерте атқан арай таңы
Қызыліңір кешінде тұр ұласын.

Күннің пұры аймалап, өнірді өпкен,
Көктем келді аңасаған коңіл көптен.
Бесу, армысың, әдемі, әшекейлі
Тебіренткен қыз-көктем, келін-көктем.



Тұрсандағы таляй жанды мазағын,
Жаңбыр сені, ұнатамын әз, анық.
Жаушы сел бол, нөсерлетіп құя бер,
Құя түсші, сенің бойың – тазалық.

Көк аспанның копсінбейін гүрсілін,
(Бекер емес айтта салған, бұл – шыным).
Жаңартасың ертең көктем бүршігін,
Тамшы-тамшы, миљиондан, құйшы мың...

Келе берсін қарашалар, қазаңдар,
Сенің жырың жыр ғой нағыз, жазам дәл.
Тырсылыңдан айналайын, тамшылар,
Тереземді үргылай бер, мазамды ал!

Өүеніңе түрік болсын құлағым,
Тырсыл-тырсыл... ұнап түр-ау бұл «өнің».
Дүниеден хабар беріп сен тұрсаң —
Тіршіліктің өлмегенін ұғамын...



Сары күзде сағынышқа шым батын,
Әуре болдын жаза алмастан жырды ақық.
...Көк жүзіндеги тырналардың тізбегі
Бара жатыр қиқуымен тіл қатып.

Көрініс деп жылда келер күздегі,
Рас, рас адам үміт үзбейі.
Жүргімнің қылыш жұлып кетердей
Қиқулаған тырналардың тізбегі.

...Тағы көктем... тағы да өтті, тағы күз,
Бұл мезгілге көп-ау біздің таңымыз.
Уақытпенен үзіледі-ау жанымыз...
Үзіледі. Пендеріміз ғой бәріміз...

ТЕРИСКЕЙІМ

Қазақты сүйсемдағы тегіс, бейім,
Озіме өзгешесің, Теріскейім!
Тұған жер қасиетін қалірлемей,
Қалайша тәңір ісін теріс дейін.

Көтерер азамат бол тузы арысынц,
Бойыма қасиетің шын дарысын.
Озгенің он-жүзіне шіркеу емес,
Теріскей, қадірлісің туғап үшін.

Жүргім сен барында орнығулы,
Теріскей, нағыз сенде төр бүтінгі.
Алдым мен жазираңдан кеңділінді,
Алдым мен ақ қайыңдан өрлігінді.

Тұлғаңа тәнті болып тап бүгінгі,
Айтамын ел алдында нақты үнімді.
Алдым мен көк беліңсін келбетінді,
Алдым мен көктеміңсін пәктігінді.

Болады сүйінішпен мақтануға,
Тұған жер қасиетіне тартқан ұлға.
Кірбенсіз жүргегіңің ақтығы бар
Теріскей, кірпігі жоқ, ақ қарында.

Сырласын балғын үнді көктеміңмен.
Бір ғашық, сезім таңтым көк көліңсен.
Алыста астаналар шақырса да
Аттап бір босағанды кетпедім мен.

Жақсылық, ізгілікке жүгініп мың,
Жүргегін жандарыңың ұғыныңын.
Жаңы нұр жайсанұлдардан тау көтерген
Қайнарын тауыш алдым ұлылықтың.

Қазақтың өлшемін мен қай салмағын,
Айтудан ақиқатты тайсалмадым.
Алаштың аскарында аты жүрер
Теріскей, таусылмасын жайсандарың!

Боліну, бөлшектеуді шеге істейін,
Арысын алты Алаштың тегістейін.
Қазақтың қырында таудай болған
Атыңдан айналайын, Теріскейім!



Ұксайды аспап тозғап кездемеге,
Шашылған ай сәүлесі боз көдеге.
Жымыңдаң жұлдыздарлың әлсіз нұры
Талықсып тығылады көзге шеге?

Елікпей ерке желдің серпініне,
Қайыңсың зауқы да жоқ желпінуге.
Әүпілден тұн құшагын тілгілейді
Әүпілдек тығызып аи көл тұбіне.

Көз салсаң көз тұрткісіз айналага,
Тартаңы қараңғылық айдалага.

Сал-самал елең қағын еркелеумен
Лебімен қытықтайды майдағана.

Естіліп елік-күлкі, елік-сыңғыр,
Елендеп қоңл-шіркін еліксін бір.
Баяғы он жетің жоқ қыр басында,
Жападан жалғыз өзің келіпсің күр.

Елегзің, жалғыз ғана аландайсың,
(Откен күн... Жетем дейсің оған қайсың!)
Еліктең толқын-үнгे, шолныл-үнгे
Кететің он жетінді таба алмайсың.

Он жетің енді қайдаш жолықсын бұл,
Жападан жалғыз қырға келіпсің күр.
Жоғалған жастығынды аңсатады
Естілген слік-күлкі, слік-сыңғыр...

ҚЫЗЫЛЖАР

Әуеледім аспанға ұшақғамын,
Ақ бұлттарды келеді құшақғағым.
Алматының үстінен хопп айттысып,
Қызылжарға аман-сау үшін, Аи-пағым!

Айға ұмтылып, аспандап, арманға ұйын
Шыға келдім әуелен таудан биік.
Астымызды Алатау жатыр әне
Ақ жамылғы — ақ тонын қардан киіш.

Ақ бұлттардың көбесін бұзып-жар ла,
Қона салшы аман-сау Қызылжарға.
Мен сүйемін қаламды ізім барда
Қалқан болған қалаға қызыл жарда.

Ей, табиғат тенгегім, «Дауын» қалай?
Нөсерлетіп кетісің, жауын маңай.
Алматыдан аңсаумен келе жатсам...
Тұған қалам жатыр-ау қабылдамай?

Керсі ңе өзге жер, өзге мекен,
Оз ауылым дегендे сөз де бөтен.

Альш-ұшың жүрегім дүрсілдеп ед
Ол байғұсың бірдене сезген екен.

Қызылжарым, қабылда өзің мені,
Қарашибың едім ғой көзіндегі.
Дүниеде жаман-ау анасының
Озі туған баладан безінгені.

... Алғыс айтып жеткізген ұшағыма,
Қарамайын нөсерлің тұсауына.
Қарашибың едім ғой көзіндегі,
Епейініші, Қызылжар, құшағыңа!

ҚАРАҒАШТЫҢ БАЛАСЫ

Ақын Мұталлап Қанғожинге

Қарағашта,
Ия, сонау Қарағашта,
Тұмағандай Мұксендін бала басқа.
Тал-бесіктे тербелген осы сәби
Ауыл атын шығарған бар Алашқа.

Тағдыр оны қысыпты
Аямай-ак,
(Тағдыр деген солай, ғой, қала
ма аяп?!)
Майдангердің баласы майданға

дең

Терін төккен тырмысын
жалаңаяқ.

Жыр-перінте иектеп
Жас баланы,
Жалғызтауға шығарған аскаралы.
Қарағаштың қойнышда туған жырлар
Шарлаң кеткен Қызылжар, астананы

Бірде жылан жүрегі,
Бірде күліш,
Иығына артылған күндегі жүк.
Жүрек от қой, жүрек – нүр,

**Жүрек – сезім,
Болмысыңды жүретін жыр деп
ұғыш.**

**Жүргегінде ақынның
Кір болмайды,
Кірлі жүрек періште, пір
болмайды.
Жыламаса, күлмесе, қайғырмаса –
Жүргегіне ақынның жыр
қонбайды.**

**Бұл жүректе шындық бар
Суарылған,
Ақиқатын өмірдің қуә қылған.
Ақын дәмі аңы ғой
акиқаттан –
Таңдаійша бүйірған туда бұл
ләм.**

**Ақын – сәби,
Ақын – ер, ғажап адам,
Қайғысы – өрт,
қаны – от...
Оза ма адам?
Жүргегінде замана жүті жатыр
Қаныменеп заманды тазалаған.**

**Ақын – ақыл, кеменгер,
Дос еліне,
Жүргегі – нұр, тілеулес
оссерінде.
Озі сүрген өмірді сақтау үшін
Озі көнген заманың кеселінс.**

**Ақын ойы қалықтап
Асманыңда,
Сезіміңе балқиды тастарың да.
Жүргегіне жыр қонған періште
– сәт
Алып ұшып қондырар қас – қағымда
Қырапың да қонбайтын аскарыңа.**

Ақын болмас жаныңды
Түсінбеген,
Ой толғайды, жазады ол
түсінде өлең.
Таудан биік, аспашан өр
той ақын —
Ардан озған адамға кішірмеген,
Өз арына көлеңке түсірмеген.

Жүргеі оның мәңгі жас,
Кәрі деме,
Жыры барда кемісіп сөні неге?
Пешенеге бұйырған осы тағдыр
Көнсін деген ақынға бәріне де.

Ақын болмас — жүреккес
Кек қона тын,
(Болсадағы мылтықтай оқталатын).
Өмір дөртін тік тұрыш көтеріп кеп,
Армансыз той алпысқа жеткен ақын!

МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАРА

Желтоқсан оқиғасының
құрбаны, жерлесіміз
Нұржан Нұрғисаулы
Қалиасқаровтың рухына
арнаймын.
Автор.

Жасанған жендейттейін жау қашыра,
Қара бұлт шөгін қалған тау басына.
Алматы желтоқсаның құрсауында —
Кім кепіл бастан бағы аумасына?

«Көрмесін шырағымыз алда сөніп!» —
Тілекпен келер күнге жалғас едік.
...Алатая қара бұлттың құшағында —
Бір түнек келе жатыр тауға шөгін.

Боларын бір сүмдүктың сезінгендей,
Күн көзі Адматыдан бесінгендей.
Ішиңде бір тамүктың жүргендеймін,
Көзіме тұртқен жаңды көзім көрмей.

Көңілдің жыл келер деп лепіргені,
Жосығы жақсытықтың секілді еді.
Қазақтың басынан бақ аумасына
Ән салған тәтті қүйлер кепіл ме еді?

Алаштың кезі бар ма ед әндепеген,
Ел едік «төбе көкке сөл жетпеген...»
Қопрітіп кобік сөзді «қөкемізге»
Жетеміз жеткенінше өрнектеген.

Ағаттық таппадық-ау, сірә, мұннан,
Машықпаз жыр жазута, шығаруға ән.
«Қокемді» келгірсітіп журген кезде –
Мәскеуде жана замыз шығарылған.

Асығып Атматыда жылды аңсадық,
«Жақсылар» достық жайлыш жүрді ән салып.
Мәскеудің мазаты ма, тозаты ма –
Қазақты жіберлі ғой құрбан шалып.

Ауганы сол емес не бастан бағы –
Жігердің жасығаны, жасқанғаны.
Қыырдан қандың келген ителігіе,
Жем болды бейкүнә жүрт қасқалагы.

Тәлім ап тату-тәтті ғұрынтан біз,
Даурықпа үранларға кіріптармыз.
Сұнғыла Бұқар сөзін тәрк қылыш,
Баяғы айбалтаны үмытқанбыз.

...Желтоқсан... Қызыл қанды атаң – ызгар.
Майданның даласында қаламыз дөл...
Ғасырдан ғасыр аудын кетсе-лагы
Мың жылда жазылмайтын жарамыз бар.

Кеңпейіл даламыздай бейтам бабам,
Жау барын жар астында ойға атмаган.
Баяғы «Қалмаққырган» заманадай,
Орласын «досы» келіп ойрандаган.

Қазақтың шын пейілін теріс үғышы
Гөрбачев әзірейіл оні сүйк.
Северо-Казакшында бұзықтық жоқ момын жүртқа
обласы Коркауды хан көтерген төр ұсынып.

Бір сөуле болса бүтін санамызда,
Желтоқсан жүрер есте сарамызда.
Ерлігін Қайраттардың... Нұржандардың...
Қалдырып баламыздан баламызга.

Желтоқсан десең ойға мұң оралар,
(Оралмау – арауқтарға күнө болар)...
Қайраттар... Ләззаттар... Нұржандарға...
Бас-басы қояр едім мұнаралар!

Тосын жыр. Бүтін менің тосын әнім,
Тағамын айып пенен «досыма» мін.
Мың жылда жазылмайтын жара салған
Желтоқсан келген сайын шошынамыш.

Көз салсам көзіне шел өскен елге,
Қылышы жоқ, екен-ау хош көрер де.
Озеге өнеге айтып жүрген «көкен»
Озінің көршісіне өш келер ме?

«Жұдышық даяр тұр, деп, мінс саған!»
Дейтіндей жорық-атқа міне салам.
Қазақтың жерін енді сауда қылмақ
Лепірген Жириновский бір есалан.

Қорғаган атажүртты табаны аумай,
Кешегі өтіп кеткен бабаларды-ай!
Көршіміз азы тісін ақситады –
Ыңдыны қанарап емес талап алмай.

Ойласаң көз тоқтатып неше амалға,
Көш болмас жүрер болса есек алда.
Көршіміз тәубасына келер деймін,
Қоймастан ел билетіп есаланға.

Сау тұрғай, Қызылжарым, Өскеменім,
Багымыз байланбасын, өскен елім!
...Мың жылдық жара салған желтоқсанды
Қарсы алған сайын қатты сессенемін...

ҒҰЛАМА

Фалым Рымғали Нұрғалиға.

Десем де жылдар алға асығалы,
Жақсыны заман қалай жасырады?
Дана Абай, кеменгер Мұқтар туған
Қазыналы Семейдің қас ұланы.

Ғашық қып ғылым, білім сыр әлемі,
Жаныңыз жақсылыққа құмар еді.
Замана зиялышы болған ағам,
Қазақтың ғылымының Құлагері.

Ел сүйген!
Бұл — Алаштың сыйы, міне,
Лебізге елің құмар үйірілс.
Шыңынан Шыңғыстаудың ұшын шығыш,
Кондыңыз Алатаудың биігіне.

Ілесіп болашақтың жетегіне,
Сау болсан жылдар әлі өтеді де.
Реке, сіздей жаңға артық смес
Алпыстың толсаңыз да екеуіне!

ҚАРА БАЛТА

Мәнгі жасар бар ма екен,
Сірә да, адам,
(Мұны, әринс, ешкімнен сұрамагам).
Темір скеш, темір де тозады екен
Теперішке мезгілдей пыздамаған.

Көңіл өскен өткір жұз, қас бітімнен,
Қара балта жүдепті, рас, күтімнен.
Шарға салса — лынылдан түрушы елі-ау,
Құрыш білек сілтессе — тасты тілген.

Темір еді лыныған,
Арда неткен,
Кетіліпті-ау — жылдардың салмағы откен.
Кезеңіне келместің кезегі кен
Күтіп ұстап жүретін шалдағы өткен...

Қайран қарт-ай,
Қалдырған ез үрпақты,
Керексіз деп кейінгі сөз үқпапты.
Қара шалдың қөзі еді-ау...
Қара балта...
Қайран – уақыт,
Темір де тозып қалты.

ЖОЛ

Сен жолсың ғой
Мезгілді тарамдаған,
Керуен көшкен, жан жүрген қарандаган.
Тірлігінде баз кешін тамам бабам,
Жестер-жетпес үмітін тәмамдаған.

Тарам – тарам...
Шығарсың айналып та,
Қай қырыға сілтерсің, қай бағытқа?
Баар жерім бақыт па, той ма, құт па,
Ғұмырымда мен бармас той қалып па?

Лұпіл екен үмітті
Жол дегенің,
Кезіктіреп қызығын, көлдененсін.
Жол дегенің кәде емес – алған, берген,
Жол дегенің үміт қой –
Дем берерің.

Жол деп жүрсөң алатыш
Кәденеңізді,
Қонбағаны-ау бойыңа әдеп ізгі.
Үміт болса алдыңда жетелеген
Қалдырғаның емес пе әдемі ізді.

Жол білмеген – болады жөн білмеген,
Дегендей бір сөзі бар сліндің кенен.
Жол дегенің ол емес,
Жол дегенің –
Арманың ғой жарығын сондірмеген.

Кетпесем де ұмтылып
Төске кілең,
Өз жөнімді білуді хош көріп ем.
Шалғайында шаршайын,
Шалдығайын,
Ұзақ жол бер, таусылмай көш-керуен.

ШІРІК ЕМЕН

Адамдықты жүргенге
Тыныс қылыш,
Жараспасы анық қой бұрыс қылық.
Мен тәнірдің ісіне таң қаламын
Жарататын біреуді жымысқы ғыш.

Етектен де енетін,
Мойыннан да,
Бұрын сезіп тұратын ойынды алда,
Ағалаң та, інілең ішке кіріш,
Қарқ болар қара бас тойынғанға.

Сес көрсегіп немесе
Әлде мінеп,
Ісінетін – бейнебір әл көбірек.
Анық іске келгенде айқындалыш,
Айғақ қылар бойында ләрмені жок,

Омір бұрап қай бетке
Көшін қай күн,
Тауысылмаймын дессен де, тосылмаймын,
Дәрменсіздің дәлелі айғақтырақ,
Жолы болар қашанды осындаидын.

Өлермен бол жармасын
Жымысқы өрге,
Қолын созған болады-ау «ұлы істерге».
Анық сырын халайық андаса гой –
Шірік емен секілді,
Қуыс кеуде!

ЖОҚ ЕНДІ ЖЕЛІ, КӨГЕН ДЕ...

Жоқ енді желі, көген де,
Жоқ енді жайлау деген де...
Ұлпа қар ойнап төбенде,
Сықырлап табан, төменде
Таш болдық қаңтар дегенге.

Қаңтарға енді табыштық,
Ақ қардан көрпе жамылдық.
Суығын кейде сағыштық,
Сары аяз қысса сұстаныш,
Сызданып соған налындық.

Сызданып бекер налындық,
Ақ қар-ау, сенің барың — құт,
Алайық соның бәрін құп...
Жылдағы кешер тірлікке
Жабығыш несін тарылдық?

Үміттің отын жаққан біз,
Қалдырып жүрміз ақ қарда із.
Оны да талай тантармыз...
Сағынышты да сарғайтып
Сөуірге сезім сақтармыз.

Үміттің оты сөнер ме,
Күні ертең көктем келер де.
Күн шұры ойнар төбенде...
Басармыз жайлау шүйгінін,
Жетерміз желі, когенге.

ӘПКЕМ АЙНАФА

Сүзіп өтсөң қай уақытт,
Қай ғасырды,
Табармыз-ау озіндей қайда асылды?
Жүргегіне парасат ұлаған —
Айна десе — едің-ау айна сынды.

Өзгермейтін, болмаса құбылмайтын,
Алам сынды ең енді бір туылмайтын.
Кере білмес козге тар көрінетін,
Сезімі жоқ жанғана үғынбайтын.

Шыңаш шығар қыран ең қашанда үнің,
Адамы едің ақылдың көш алдының.
Кеңнең толғар кемел ең жұрегі кең
Жұытпаған фәнидің осалдығын.

Адам едің алдың кең, соңың ізгі,
Ардақтайтын қауым-жұрт соныңызды.
Пенделіктең бойдағы арыларда
Саған келіп түзеуші ек өнімізді.

Онді айтам-ау, емдесүп ек жапымызды,
Болғандықтан ақылман жапың ізгі.
Ардақтаған аяулы апам едің,
Ертіп алған көш бастап бәрімізді.

Тұлегі едік бәріміз бір ананың,
Сен – тұңғышы, мен – кснже
 (бу да мәлім).
Озің кеттің, артында – үй-орманың,
Мен соларды ес көріп, жұбанамын.

...Болмайтыш мәңгі ғұмыр ұмытуға,
Сіз – Ана, сіз – данышшаш, ұлы тұлға.
Жұрегі аналардың жарапанған ғой
Мұздаған жүректерді жылытуға.

Сенерліктей Құнде я Айда десе,
Іздейтүғын пендे боп: «Қайдада?» десе.
Енді фәни берсін-ау қайдан есе,
Айна едің-ау, қайран-ай, айна десе!

ЖАПАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ОТ

Шалғайда жалғыз шам жаңған,
Түбіне тұнниң үңілген.
Күдерін үзіп жалғашшан,
Жап ба екен әлде түңілген?

Әмірдің әлде жоқ сәні,
Жүрегін жеген жарағып.
Жырылған жұрттан оқшауы –
Іргесін бөлген даралық.

Үңіліп, сырын білмек кім,
Келемін осы жайды ойласап?
Нұрына бөккен түнгі оттың,
Жырылған жүрттан жүрттган қай бейбақ?

Жапанда жалғыз жарық кім,
Сырласқан оқиау түніңмен,
Жырылған жүрттан ғаріптің
Сырына кім бар үнділген?

Таңменен жалғыз қауышқан,
Түнменен жалғыз табысқан,
Тәнірдің берген тірлігін
Бейбақ па жалғыз таусысқан?

Күнті ғып көңіл арытпа,
Толғатпа жүрек әмірін.
Жапанда жалғыз жарыққа
Үңілте көрме, Тәнірім!

ТҰМА БҰЛАҚ

Армысың, еркс бала, тұма бұлак,
Озіңде көрінесің тым алып-ақ.
Аспанға атқылайсың, тынышымайсың
Бір күнті Жер астынан шығарып ап.

Барасың, батыр бала, қайда асырыш,
Секілді қайтпайтын күш, таймас үміт?
Жылдыстан жерден шығып, жерге сініп,
Кестердей сыландаіссың айла асырып.

Жүргегім жай да қызу, сүнібаган,
Ойткені отты жыр бар туындаған.
Сусамыр қызуымды басу үшін
Мен сепің туынды алам, сүнілды алам.

Армысың еркс бала, тұма бұлак,
Жүзінді көрдім, міне, куаныш-ақ...
Келдің бе жердің кірін тазартам деп,
Кіршіксіз тазалықты шығарып ап...